

ӘОЖ 821.512:161(580)

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН**

**Әлібекова Айжан Қазбекқызы**

[daya\\_01@mail.ru](mailto:daya_01@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық Қатынастар факультеті Түркітану  
кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А. Жалмырза

Түркістан — екі дүние есігі ғой,  
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.  
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен  
Мағжан Жұмабаев [1,168 б].

Толағай тарихқа үңілетін болсақ, түркі тектес халықтар өз басынан қаншама қилы кезеңдерді өткеріп, өмір мен тарихтың тәлкегіне түскен. Бүкіл түркі тектес халықтарының басынан кешкен тауқиметін тек бір Түркістанның тарихына жасалған ретроспективалық шолудан ақ байқауға болады. Негізінде біз тарихта орын алған қаншама қилы оқиғалардың бірін білсек, бірін әлі күнге дейін білмейміз. Шындығында Түркістан тарихына көз жүгіртер болсақ, баршаға мәлім алғаш атауы - Шауһар, ежелгі атауы – Иассы, XVII ғасырдың басынан қазақ хандарының астанасы – бүгінде Түркістан деген атауға ие, көне қала екендігіне көз жеткіземіз. Сонымен қатар, бізге тарихтан белгілі болып тұрғандай осы қасиетті Түркістан – түркі халықтарының орталығы әрі бүкіл түркі тектес халықтардың діни орталығы болғандығын анықтаймыз. Бірақ, шын мәнінде Түркістан сөзінің мағынасы да, аумағы да біздің қазіргі танымымыздан әлдеқайда кең ұғым. Өйткені, Түркістан – қазіргі Орта Азия болып аталып жүрген түркі халықтары топырағының жиынтық атауы немесе бүкіл түркі халықтарына тиесілі территорияны Түркістан десек, соның Батыс Түркістаны деген ұғымға саяды. Сонымен, Түркістан – түркі халықтарының тұтастығын көрсететін

географиялық, этникалық, мәдени және саяси аймақ. Қашан да түрлі территориялық өзгерістерге қарамастан түрік халқы мекен еткен жерлер Түркістан атымен аталған [2, 22-23 бб]. Бұған қоса тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Түркістан тек түркі тектес елдердің туылған ғана жері емес, Түркістан саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени орталық екендігіне де көз жеткіземіз. Ал, XX ғасыр басындағы Түркістанның бастан кешкен оқиғаларына келетін болсақ, Түркістанның қанаушылықты, отаршылауды мақсат тұтқан небір зұлым саясат пен әділетсіздікке негізделген принциптердің объектісіне айналғанын анықтаймыз.

Негізінде, Түркістан атауы түрік текті халықтарды біріктіретін күш болғандықтан, оның мағынасы Патшалық Ресей және оның жаулау саясатын жалғастырған Кеңестік отаршылдар тарапынан бұрмалана отыра, кішірейтіліп, тіпті айтудың өзіне тыйым салынды. Түркістан атын ұмыттыру мақсатында және сол арқылы ұлттың тарихын, ұлттық құндылықтарын танытпай, орыстандыру саясатын оңай жүргізу үшін Түркістан сөзіне ресми тыйым салынып, оның орнына Орта Азия және Қазақстан атауы қолданылды. Автономиялық сипаттағы ұлттық мемлекеттерді құлатқаннан кейін Түркістан жерінің әуелде Батыс бөлігі саналған (Батыс Түркістан), кейін тар мағынада Түркістан (Орта Азия) болып кішірейтілген Түркістанның орнына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан деп аталатын бес Кеңестік мемлекетті өмірге әкелді. Бүгінгі әлемдік ғылыми айналымда бұл бес дербес республикалардың қосынды атауы Орта Азия болып танылуда. Түркістан атауы әуелгі Түркістан генерал-губернаторлығы, кейінгі Түркістан мұхтарияты, Түркістан Республикасының балама аты ретінде қарастырылып келді. Кеңес үкіметі орныққаннан кейін пайда болған осы сияқты түсінік және жалпы әлемдік айналымға шыққан аталымда Түркістан мағынасы ұсақтала берді. Өйткені отаршылдар түріктердің қасиетті ұғымы болған «Түркістан» терминінің геосаяси да, этникалық та мағынасының тарылуын мақсат еткен арнайы заңнамалық стратегиясын жасап еді. Нәтижесінде «Түркістан» және «Түрік Республикасы» сөздерін қолданыстан алып тастау туралы қаулы 1924 жылдың маусымынан бастап күшіне енді, оның орнына әлемдік ғылымда Моғолстан және Тибет аймақтары үшін қолданылған Орта Азия сөзін қолданымға енгізді. Бұл туралы есімі елімізге кеңінен танылған зерттеуші филолог ғалымымыз А.А. Жалмырза өзінің Түркістан әдебиеті және оның өкілдері атты еңбегінде былай деп жазды: «...әлемдік танымда кешегі күнге дейін Оңтүстік Қазақстан облысы аталып келген аймақтағы Ясауи кесенесі орналасқан кіші қала ретінде тану қалыптасып кетті. Бұдан отаршылдық саясат амалының жүзеге асқандығын мойындамай болмас. Шынында да, Түркістан атауының мағынасы, отаршылдар жоспарлағандай, әлдеқайда кішірейтілді, бірақ олар ойластырғандай жойылып кеткен жоқ...» [3, 106-107 бб].

Түркістан – әлемнің төрттен бір бөлігін жайлаған түріктердің орталығы. Барлық түріктер туған жері Түркістан арқылы байланысып отырады. Түркістан термині тұтастырушы мағына үстеуіне дейін талай ғасырларды өткерді, мұндағы біріктіруші мағына түрік түбірінен өрбіп отыр. Түрік түркі болғалы тәуелсіз де тұрақты ел болу үшін тұтастықты ту етіп келеді. XX ғасыр басында түрік зиялылары отаршылдарға қарсы қорғаныс күші ретінде Түркістан терминін қайта жандандыра түсті, яғни Түркістан идеологиясы тұтас отарға айналған түріктердің ортақ ұлттық мүдделерін қорғау жолында шыңдалды. Дербестікке ұмтылған түрік халқы бостандыққа жету үшін бірігуді қажетсінді. Түрік халықтары сол кездің шындығына сай жеке-жеке мемлекет құруға талпынса да, «Тұтас Түркістан» мұраты барлық түріктер үшін ортақ ұстаным болып қала берді [3, 106-107 бб].

Ежелгі түркі тектес халықтар үшін Атажұрттағы осы Түркістан өлкесінің алатын орны әрқашан да ерекше болған. Олар үшін осы қасиетті де қастерлі саналатын Түркістанның өткен тарихы таусылмас шежіре болып табылады. Ол тегі бір, діні бір, бүкіл түркі халықтарының басын қосып, рухын асқақтататын руханият орталығы әрі рух астанасы осы – Түркістан мекені. Жалпы осы кезекте, қасиетті Түркістан даңқының ұлы бабасы, алғашқы түркі-ислам ағартушысы, философ, пірі және шайхы Қожа Ахмет Яссауидің есімі мен оның

құрметіне Әмір Темір салдырған ғажайып, қасиетті ғимарат пен кесенесімен тығыз байланысты екенін естен шығармауымыз керек.

Осы қасиетті мекен «Түркістан» термині парсы тілінен енген «И» изафеті және «стан» қосымшасы арқылы «Түркілер жұрты немесе елі, өлкесі» мағынасын білдіреді. Сонымен бірге, осы түркілер Түркістан жерінің түрлі бөліктеріне қауым не болмаса қауым басшыларының есімдерімен аталған мемлекеттер құрған. Бірақ олардың бәрі бір-бірімен тығыз байланыста болған. Сонымен қатар, тарихтан аңғаратынымыз осы түркілер «Біз түркіміз» немесе «Біз түркістандықпыз», деп өздерін атаған. Десе де белгісіз себептерге байланысты «Түркістан» деп аталатын мемлекет құрмаған.

Түркістан – бай әрі кең жазықтардың, шөлдердің және таулардың, жерасты және жерүсті байлықтарына мол өлке. Осы өлке – Шығыс пен Батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолынан өтетін өңір болып табылады. Сол себепті де осы мекенге көз алайтқандар да аз болған жоқ. Түркістанды мекен еткен халықтар басынан көп қайғы-қасірет өткізген.

Түркістан туралы көптеген ғылыми зерттеулерді өмірге әкелген отандық ғалымымыз А.П. Абуов өзінің «Түркістан тарихы мен мәдениеті» атты еңбегінде «Түркістан – түркі халықтарының тарихи, рухани тағдырында ерекше орны бар көне қала. Осы Түркістан дегенде бүкіл түркі тектес халықтар тағзым ете тұра, кие тұта зор сүйінішпен қарайды. Оған себеп, түркі жұртының өзіндік өркениет құралып, ортақ ділі мен діні қалыптастырған қасиетті орданың кең қанат жая дамыған шежірелі аймақ болуында. Ұлы даланың әлемдік өркениетпен байланысын қамтамасыз етіп отырған сырлы өлке осы – Түркістан болып табылады», деген [4,16-19 бб].

Түркістан тарихын зерттеу барысында Орта Азия тарихында осы кезеңдерге дейін қалыптасқан өзіндік тұжырымдарын қайта қараудағы күрделі әрі түйінді зерттеу нысанының бірі, осы – Түркістан тарихы болып табылатынын байқаймыз. Түркістан тарихы біраз зерттелседе, отандық тарихшылар өз пікірін білдіріп, тұжырымдар жасалса да, әлі де болсын байыпты зерттеуді қажет етеді [5, 241 б]. Себебі Түркістан қаласының құпияға толы маңызды тарихнамасын ашу бүгінгі зерттеуші-ғалымдардың үлесіндегі өзекті әрекет болып қала бермек.

Ал енді, ХХ ғасыр басындағы Түркістан жағдайына тоқталатын болсақ, ол кезеңде осы қасиетті өлке 1400 га. жерді алып жатқан аймақ болған. Түркістандағы жергілікті халықтар отарлы езгі жағдайында күн кешкен. Басынан сан қилы шиелініске толы оқиғаларды басынан өткерген. Негізі ХХ ғасырдың басындағы кезең, Түркістанды мекен еткен халықтардың ұлттық кемсітушілік пен құқықбұзушылық, теңсіздік және зұлымдықты басынан өткерген кезеңдер еді [6, 23 б].

ХХ ғасырда Түркістан тарихында көптеген оқиғалар, түрліше жағдайлар, көтерілістер, қысымдар және қиындықтар орын алған. Соның бірі – ақ Патша өкіметінің жүргізген саясаты. Ол ашықтан-ашық жүргізілгені тарихтан мәлім. Түркістан өлкесінің халықтарының жағдайы мен салт-дәстүрімен, мәдениетімен есептеспей, санаспай отарлық қанау көрсетіп, сонымен бірге шоқындыруға тырысып, ұлттық санасынан айырып, тілін кемсітіп, мәнгүрттендіріп жіберуге бар күшін салған ақ патшаның зымиян саясаты дәуірлеп тұрған кезең болған. Астарлы саясаттың міндеті - сол аймаққа қоныс аударып келген орыстарды жергілікті халықтардан биік көріп, жоғары санап, жергілікті бұратана халықты әлеуметтік теңсіздікке тіреу еді. Одан қалса, жергілікті халыққа надан әрі өлсе құны жоқ деп, төмендетіп, кемсітіп отырған. Сонымен қатар, отаршылар сол өлкеге аса қатерлі дерттің бірі – маскүнемдікті де ала келген. Ол аздай, осы Түркістан аймағына басқару жүйесін енгізген патша, генерал-губернатор және губернатор уезд бастықтарын тағайындаған. Осы аталған қызметке тек орыстарды ғана отырғызған. Жергілікті халықтарды жоғары қызметтерге жолатпаған. Осы кезде жайлаған тағы бір дерттің түрі, ол – паракорлық пен өздерінің қызмет бабын пайдалана отыра, өз мақсаттарын іске асыру сияқты әлеуметтік дерттің жайлануы. Сондай-ақ, ХХ ғасырдың бас кезінде отарлық езгінің күшеюімен қатар, патша режимінің өз іштерінен іріп-шіріп, жүргізген саясаттары дағдарысқа ұшырай отыра, тығырыққа тірелген кезең болған. Алайда ақ патшаның бұл саясаты жергілікті халықтың арасында ақ патшаға

деген ұлттық өшпенділіктің отын жаққан кез болған. Орын алар төңкерістің ауылы алыс емес болды. Алысқа ұзамай-ақ, патша өкіметі қара жұмысшыларды күшпен қинап, зорлықпен майданға жіберу әрекетінен ашынған халық қаруланып, халық арасында толқулар басталып, соңы көтерілістерге ұласқан.

Осындай көтерілістің бірі – 1916 жылы қазақ даласының батыры Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс еді. Ол ащы болмыстың қыр-сырын ашып берді. Одан соң қазан төңкерісімен жалғасты. 1917-1918 жылдар аралығында тағы бір аса ауыр жағдай орын алды. Ол ашаршылық пен түрліше жұқпалы аурулардың халық арасында кең етек алуы еді. Ашыққан адамдарды тамақтандыру, ауырған науқастарға ем көрсету қиынға түскен болатын. Жергілікті халықтар осы дерттің кесірінен қырылып, саны азайып, науқас халықтың саны күрт өскен, қиын кезең болды. Осы кезеңде тағы бір орын алған дерт, ол – тонау, өз бетімен жазалау фактілері кең етек алды. Аштықтан бас сауғалаған халық, орыстардың бау-бақшасына сұранбай кіріп, ұрлап жеп, малдарын айдап кетіп, ұсталып, соққыға жығылып, аяусыз атылып, жергілікті халықтың ұлы қырғынға ұшыраған кезі еді [7, 503 б].

XX ғасырдың басындағы тағы бір орын алған жайттар туралы тоқталатын болсақ, патшалы Ресейдің отарлау саясаты, бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс, 1916 жылы болған ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы және шетел интервенциясы Түркістан экономикасын біршама төмендетіп, әлсіреткен кез еді. Әсіресе, астық тапшылығы, егістік көлемі кеміп, егіншіліктің дамуы төмендеп және мақта егістігі, ауыл шаруашылығы қатты күйзеліске түсіп, құлдырады. Осының салдарынан халыққа керек заттарды тұтыну қиынға ұшырап, тауарларды алу және әсіресе күнделікті қолданысқа керек заттардың бағасы еселеп өсіп, қымбаттап отырды. Күнкөріс көзі түсе бастады. Сол жылдары Түркістан халықтарының шаруашылығы төмендеп, өнеркәсібі күйреген кездер еді. Тек қазан революциясынан кейін аграрлы реформа іске асырыла бастады. Ең негізгі саланың бірі сол кезеңде ауыл шаруашылығы болды. 1921-1922 жылдар аралығында жүргізілген аграрлы реформа, жер-су реформасының саяси және әлеуметтік, маңызымен қатар ұлттық мәселе маңызды орын алды. Қала мен ауыл арасында еркін сауда қарым-қатынасы орнап, өрістеді. Түркістан бюджетінің негізгі бөлігі – халық шаруашылығының негізін құрайтын, ауыл шаруашылығы болды. Экономиканы өркендетудің бір жолы – қолөнер мен ұсақ тауарларды ауыл-аймақтарға жеткізу болды. Тарихта бұл кезең әлеуметтік-экономиканың қарқынды дамуымен, отаршылдық орын алған саяси-әлеуметтік деңгейдің төмендеуімен есте қалды [8, 89-92 бб].

Міне, осы ғасырлар бойы қалыптасқан халықтардың материалдық және рухани мәдениетін күшпен, қинап жаулап алу Түркістан өлкесінде Ресей рухын орнықтыруға, мұсылмандық езгі мен азиялық деспотизмнің шырмауында болған, кеңестік кезеңде түрлі ұлттар басқарған Түркістан тағдыры туралы мақтанышпен айтып, мақтана алмасымыз ашшы шындық. XX ғасырдың басында Түркістан өлкесін мекендеген халықтардың негізгісі болған қазақтар, өзбектер, орыстар, украиндер, татарлар, башқұрттар, молдавандар, әзірбайжандар болған еді [9, 180 б]. Міне, құрметті оқырман қауым! Түркістан тарихына қысқаша тоқталсақ, осындай деректі мәліметтерді көреміз.

Қорытындылай келе, тарихы тереңде жатқан, зиярат қылатын құтты әрі киелі де қасиетті, түркі дүниесінде алатын орны ерекше, көне қалаға кімде болсын ерекше қызығушылық танытаны сөзсіз. Рухани әрі діни орталыққа айналған, осы – Түркістан ғажайып сырларға толы, қаншама тарихи кезеңдерді бастан кешірген, саяси оқиғалардың куәсі болған, ғылыми орталықтардың бірі, ірі білім орталығы әрі тарихи-мәдени этнографиялық орталыққа айналған ұлы қала болып табылады.

Сан қилы көтерілістер, бөлініске түскен кезеңдер, күреске толы күрделі жылдар, тұрақсыздық пен әділетсіздікке толы, ауыр жағдайлар басынан кешкен өлке. Қазақтардың астанасы болған осы – Түркістан, болашақта әлемдік мәдени орталық ретінде дамытса нұр үстіне нұр болар еді.

Осы мәдени қалада қаншама рет түрлі шешімдер мен ұлтымыздың тағдыры талқыланған болатын. Тарихтан білетініміз, патшалық Ресей Түркістан аймағына басып алу үшін қаншама рет оқталып, алдына мақсат қойып түрлі саясаттар жүргізген болатын. Ал осы

Түркістанның халқы оған қарсылық көрсетумен болған. Осы күресте қаншама белгілі тұлғаларамыз ат салысып, жан аямай, күш-жігірін салып, өзінің ғұмырын арнап, сақтап қалу үшін барын салғанын естен шығармауымыз керек. Сол тұлғалардың армандаған бақытты күнде қасиетті өлкеде өмір сүру арманы, қазіргі ұрпаққа бұйырды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мағжан Жұмабаев 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құрастырған: Сәндібек Жұбаниязов– Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет – 168 б
2. Жалмырза А.А. Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті (қалыптасуы, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты) – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2013. – 202 б.
3. Жалмырза А.А. Түркістан әдебиеті және оның өкілдері – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршасы, (Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы № 3 (124)/2018), 2018. – 115 б.
4. Абуов А.П «Түркістан тарихы мен мәдениеті», (ғылыми мақалалар жинағы) – Түркістан: Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2000 ж. - 216 б
5. Тұрсүн Хазретұлы Алаш-Таным 1 том. Семей: Ғылыми мақалалар жинағы, 2012. - 420 б.
6. Набиев Ф. Общественные науки в Узбекистане: 1985. Из истории ликвидации разрухи в сельском хозяйстве Туркестана. (1918-1920 гг) №10, стр 23.
7. Оңтүстік Қазақстан Энциклопедия. Алматы: 2005. - 503 б.
8. XIX ғасырдың екінші жартысындағы патшалық Ресейдің салық саясаты. Ғылыми конференция жинағы. Алматы: Қазақпарат, 2002. - 92 б.
9. Всесоюзная перепись населения 1926 г. – Том 25. ЦСУ СССР.М,1928. – стр 180.